

## Этнопедагогикалық семинар

2014 жылдың 9 сәуірінде «Студенттің рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудағы этнопедагогикалық компоненттердің орны» тақырыбында университет кураторларына арналған семинар өтті. Семинарды жүргізген Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық Білім академиясының Бас ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Замира Баубекова ғұламалардың аңыздарын, ұлағатты сөздерін келтіре отырып, ұлттық құндылықтардың орнын насихаттаудан бастады.

Студенттік ортаға әр түрлі студенттер келеді. Әркімнің өз өмірі, өз тәрбиесі, өз мінезі бар. З.Д. Баубекова педагог Ш.Амонашвилидің: «Жастарға біз тек қана тәрбиеші, педагог емес, ғажайып адам болуымыз керек» деген және А.Дементьевтің өлеңіндегідей: «Студенттің Сізден үнемі үйренгенімен қатар Сіздің білімізге таңқалғаны дұрыс және Сізбен араласқанды жақсы көріп, Сізді ғажайып адам деп санағаны қажет» деген ұлағатты сөздері арқылы тәлімгерлердің өз жұмысын осындай қағидалармен ұштастыра ұйымдастырудың маңызды екенін атап өтті.

Тәрбиелеу үдерісінде этнопедагогиканың рөлі зор екендігіне баса назар аударды. Әрі қарай Замира Джураевна тәрбиелік мәні бар, тәрбие мазмұны бар этнопедагогиканың әдістері мен құралдарын талдап, нақты мысалдар келтірді.

